

Бекітемін *Ақбаева*  
«Болашақ» бөбекжай-бақшасының  
директоры Ақбаева А.А  
« 01» маусым 2023

## **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметкер бойынша лауазымдық нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелері**

1.1.Осы лауазымдық нұсқаулық бөбекжай бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын іске асыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін лауазымдық міндеттерді,құқықтар мен жауапкершілікті белгілейді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындауға жауапты тұлға ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасына сәйкес «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бұйрығымен тағайындалады.

### **2 .Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызметінің мақсаттары,міндеттері,қағидалары мен функциялары**

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жұмысының негізгі мақсаты «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асыруына мониторинг жүргізу болып табылады.

2.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық практиканын сақталуын қамтамасыз ету;

2) «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ,сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

3)сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау,бағалау және қайта бағалау;

4)сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін Заңға сәйкес тиімді іске асыру.

### **2.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидалар басшылыққа алыну ұсынылады:**

- 1) «Болашақ» бөбекжай-бақшасы» басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мүдделілігі ;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау жүйелілігі;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру .

### **2.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функциялары ұсынылады:**


- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және жаңғырту;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингтеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын бөбекжай қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді Заңға сәйкес сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік әдеп құндылықтарын дамыту;
- 7) «Болашақ» бөбекжай-бақшасы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік Әдеп кодексін (боғған кезде) сақтауын бақылау;
- 8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»
- 9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;
- 11) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;



### 3. Комплаенс-қызметі құқықтары ,міндеттері мен жауапкершіліктері

- 1) Ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген ,бекітілген рәсімдер шеңберінде бөбекжайдың құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды ,оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрата және ала алады;
- 2) өз құзыретіне жататын мәселелерді музей басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге тұлғанын (органның) қарауына шығаруға бастамшылық жасай алады;
- 3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамшылық жасай алады;
- 4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды өз құзыреті шегінде іске асыруға қатыса алады;
- 5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша мәжілістер ұйымдастыра және өткізе алады;
- 6) «Болашақ» бөбекжай-бақшасы туралы ақпараттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын өкметамасыз ету міндетті;
- 7) сыбайлас жемқорлықтың ,корпоротивтік Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.
- 8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы бөбекжай-басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де адамды органды уақытылы хабардар етуге міндетті.

Лауазымдық құсқаулықты әзірлеген:

| № | Аты-жөні                             | Қызметі  | Қолы                                                                                  | Күні     |
|---|--------------------------------------|----------|---------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| 1 | Акбаева Айгуль Айгожаевна            | директор |  | 01.06.23 |
| 2 | Нұрмағамбетова Айдана Құрманғалиқызы | әдіскер  |  | 01.06.23 |

Таныстым:

01.06 2023ж.